**Техникалық реттеу және метрология саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тексерулер бойынша тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 10 мамырдағы № 154 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 15 маусымдағы № 195 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 16 шілдеде № 7794 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 маусымдағы № 728 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 4 шілдедегі № 501 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 26.06.2015 № 728 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 04.07.2015 № 501 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

**БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Мыналардың:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес техникалық реттеу және метрология аясындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерулер бойынша;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік метрологиялық бақылау аясында жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерулер бойынша;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерулер бойынша тексеру парақтарының нысандары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Р.А. Сәтбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң он күнтізбелік күн ішінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты оның күшіне енген соң отыз күнтізбелік күн ішінде

жариялауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің ресми Интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. «Техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 27 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің м.а. 2010 жылғы 4 наурыздағы № 119 бірлескен бұйрығы (2010 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6138 болып енгізілді, «Заң газетінде» 2010 жылғы 31 наурыздағы № 44 (1840) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Қ.А. Тулеушинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі*
*_______________ Ә. Исекешев*

*Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрі*
*___________ Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің
2012 жылғы 10 мамырдағы № 154 және
Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің
2012 жылғы 15 маусымдағы № 195
бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Нысан

**Техникалық реттеу және метрология аясындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерулер бойынша**
**ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Уәкілетті органның атауы_____________________________________________
Тексеру тағайындау туралы акт_________________________________________
(№, күні)
Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың Т.А.Ә.А._____________
______________________________________________________________________

Тексерілетін субъектісінің тәуекел деңгейі___________________________
(жоғары, орта, төмен дәрежені көрсету)
Т.А.Ә.А. немесе жеке кәсіпкерлік субъектісінің атауы_________________
___________________________________________________________________
СТН (бар болса)____________________________________________________
ЖИН/БИН__________________________________________________________
__

| № | Талаптар тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмей |
|---|---|---|---|
| 1 | Міндетті түрде сәйкестігін растауға, декларациялауға жататын өнімдер үшін сәйкестік сертификаттарының (белгіленген үлгідегі сәйкестік сертификаттарының көшірмелері), сәйкестік туралы декларациялардың (сәйкестік туралы декларациялардың көшірмелері) болуы | | |
| 2 | Қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға өнім үлгілерінің сәйкестігі (өнімді сынау нәтижелері негізінде) | | |
| 3 | Техникалық регламенттерде белгіленген таңбалауға қойылатын талаптарға өнімнің сәйкестігі (буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар) | | |
| 4 | Өлшем құралдарына арналған салыстырып тексеру сертификаттарының немесе салыстырып тексеру таңбалары оттискілерінің болуы | | |
| 5 | Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшем құралдардың қолдану | | |
| 6 | Сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын осы тауарлар санын сипаттайтын салмағының, көлемінің, шығынының немесе өзге шамаларының кассалық, тауарлық чекте немесе тауарды сатып алатынын растайтын өзге де құжатта көрсетілген тауарлар санына сәйкестігі | | |
| 7 | Бума ішіндегі тауар санының буманың бетінде белгіленген шамаға сәйкестігі | | |

Субъектінің тексеру парағының көшірмесін алғаны туралы белгісі:
«____» _________ 20 ____ ж._________________________ ______________
(Т.А.Ә.А., лауазымы) (қолы)

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің
2012 жылғы 10 мамырдағы № 154 және
Қазақстан Республикасы Экономикалық
даму және сауда министрінің
2012 жылғы 15 маусымдағы № 195
бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік метрологиялық бақылау аясындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерулер бойынша**
**ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Уәкілетті органның атауы_____________________________________________
Тексеру тағайындау туралы акт________________________________________
(№ , күні)
Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың Т.А.Ә.А._____________
_______________________________________________________________________
Тексерілетін субъектісінің тәуекел деңгейі___________________________
(жоғары, орта, төмен дәрежені көрсету)
Т.А.Ә.А. немесе жеке кәсіпкерлік субъектісінің атауы_________________
_______________________________________________________________________
СТН (бар болса)_________________________________________________________
ЖИН/БИН_______________________________________________________________
__

| № | Талаптар тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмейді |
|---|---|---|---|
| 1 | Белгіленген үлгідегі өлшем құралдарының түрін бекіту туралы сертификаттың және ( немесе) белгіленген үлгідегі өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың болуы | | |
| 2 | Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшем құралдарын қолдану | | |
| 3 | Өлшем құралдарына салыстырып тексеру сертификаттарының немесе салыстырып тексеру таңбасының оттискілерінің болуы | | |
| 4 | Өлшемдерді орындау әдістемесін метрологиялық аттестаттау және олардың Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің тізілімінде тіркелуі | | |
| 5 | Өлшем құралдарын салыстырып тексеру және калибрлеу өлшемдердің орындау әдістемесін метрологиялық аттестаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу құқығына арналған аккредиттеу аттестатының болуы | | |

Субъектінің тексеру парағының көшірмесін алғаны туралы белгісі:
«____» _________ 20 ____ ж._________________________ ______________
(Т.А.Ә.А., лауазымы) (қолы)

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің
2012 жылғы 10 мамырдағы № 154 және
Қазақстан Республикасы Экономикалық
даму және сауда министрінің
2012 жылғы 15 маусымдағы № 195
бірлескен бұйрығына
3-қосымша

Нысан

**Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексерулер бойынша**
**ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ**

Уәкілетті органның атауы________________________________________________
Тексеру тағайындау туралы акт____________________________________________
(№, күні)
Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың Т.А.Ә.А.______________
____________________________________________________________________
Тексерілетін субъектісінің тәуекел деңгейі_______________________________
(жоғары, орта, төмен дәрежені көрсету)
Т.А.Ә.А. немесе жеке кәсіпкерлік субъектісінің атауы__________________
____________________________________________________________________
СТН (бар болса)________________________________________________________
ЖИН/БИН_____________________________________________________________
__

| № | Талаптар тізбесі | Талап етіледі | Талап етілмей |
|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын дайындауға лицензияның болуы | | |
| 2 | Стандарттау жөнінде нормативтік құжаттардың, сондай-ақ белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген мемлекеттік рәміздерді дайындау процесін регламенттейтін техникалық құжаттардың болуы (техникалық тапсырмалар, техникалық шарттар, конструкторлық-технологиялық құжаттама) | | |
| 3 | Жеке меншік құқығындағы немесе жалға алынған өндірістік-техникалық базаның болуы ( өндірістік үй-жайлар, технологиялық жабдықтар, өлшеу және бақылау құралдары, оның ішінде қолданыстағы стандарттау жөнінде нормативтік құжаттар талаптарына сай дайындалған мемлекеттік нышандардың сапасын және оларды дайындаудың технологиялық процесінің сақталуын қамтамасыз ететін түстер атласы) | | |
| 4 | Өлшем құралдарына салыстырып тексеру сертификаттарының немесе салыстырып тексеру таңбалары оттискілерінің болуы | | |
| 5 | Қолданылатын сынақ жабдықтарының және өлшем құралдарының метрологиялық аттестатталынуының болуы | | |
| 6 | Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшем құралдарын қолдану | | |
| 7 | Мемлекеттік рәміздерді дайындаудың технологиялық процесіне қарай, өндіруші әзірлеген нұсқаулықтарда белгіленген, лицензияланатын қызмет саласында тиісті біліктілігі және білім деңгейі бар персоналдың болуы | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің, сондай ақ олардың бейнелері бар материалдық объектілердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес келуі | | |

Субъектінің тексеру парағының көшірмесін алғаны туралы белгісі:
«____» _________ 20 ____ ж._________________________ ________________
(Т.А.Ә.А., лауазымы) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК